



АКАДЕМИК АҢҒАРМАҒАН, СА- РАШЫ САПЫРТ ҚАРАҒАН, ТҮЗЕТКЕР ТҮЗЕТПЕГЕН...

Айгерім Нәлдібекова

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті баспа ісі және
БАҚ дизайны кафедрасының
3-курс студенті*

This thought arrived while reading only of one chapter. At such times remains in confusion how the academics as well as V.F.Zhandauletov, T.P.Maimakov could assume the great number of mistakes at writing reviews to the textbook. And how do we find compassion to a work from the editor R.Asanbai and the proofreader S.Duysenbai?

Жуырда оқу бағдарламасы аясында берілген тапсырмаға сай, қолыма Ж. Ж. Бәзіловтің «Полиграфия өндірісінің негіздері» деген орыс тілінен аударылған оқу құралын алдым. Оның «2.5» деген бөліміне ой-толғам жасау маған жүктелген-ді.

Алғашында, еңбекті қолыма алғанда қуантқаны – аудармашының терминдерді, басқа тілден енген сөздерді қазақыландыруға тырысқандығы болды. Іздей отырып, өзімнің бетіме де келіп жеттім. Тараумен таныспай жатып, тақырыпқа қарап-ақ алғашқы сезімім адастырып кеткендей болды. Тақырып «Корректорлық процестер» деп аударылыпты. Дегенмен, оны аударма деуге де болмайтын секілді. Тек қазақ тіліндегі қосымшалармен әрленіп, қазақшаға аз-маз келтірілген тіркес дер едім. Бұл ретте аудармашы орыстың «корректур» деген зат есімінен туындаған «корректировать» деген етістігін алып отыр. Негізінен, ол сөз орыс тіліне де сырттан келген. Бастауын латыннан алып, бергін келе ағылшын тіліне енген. Аудар-

машы В.К.Мюллердің үлкен еңбегінде «түзету» сөзі «correct» деп беріліп, орыс тіліне «корректировать» деп аударылған. Осы тұста ағылшын тіліндегі баламасына «бір нәрсені түзеу», «қате енгізу», «жөнге келтіру» деген түсіндірме берген. Сондай-ақ, үлкен орысша-қазақша сөздіктерде де «корректировать» сөзін қазақ тіліне «түзеу», «түзету», «қате енгізу» деп аударады. Егер өзге тілден енген сөзді төл қосымшаларымызбен әрлеп алып, пайдалана беретін болсақ, онда олардың көшкен нұсқасын емес, шыққанына жақын ағылшын тіліндегі «correct» нұсқасын түрлендіріп, «correctтік» немесе «корректік» деп қолданар едік... Орыс тілінде де ол сырттан енгендігінен сыр бермей, өз төліне айналып кеткен. Ал, өз тілімізде сырттан келген «келімсек» атаулар мен аталымдарды аударып, төл ренк қалыптастыратын өзіміз.

Осы ретте аталған тараудың бірінші шегінісінде төлие(автор) түзету үдерісіне анықтама беріп келеді де, «оқуға ыңғайландырып және үйлестіріп ретке келтіру» деп аяқтайды. Тәжірибе жүзінде көргеніме негізделген пікіріме сай, «Түзету үдерісі деп - қолжазбаны теріммен салыстыру, терім барысында жіберілген ауытқулар мен дәлсіздіктерді, кемшілік кеткен тұстарды түпнұсқамен қатар қоя отырып, тілдік заңдылықтарға сай қалыпқа келтіру» дер едім. «Оқуға ыңғайландырып және үйлестіріп ретке келтіру» - дегенге келсек, ол редактордың тексеру мен түзету үдерісінен кейін автормен келісе, ақылдаса отырып, бірлесе атқаратын шаруалары.

«Корректурa – басылып жатқан кітап, газеттің қателерін, түпнұсқамен салыстырып, жіберілген қателерді түзету процесі» деген кезекті айқындаманы оқығанда, кітап, газет қателерін басылып жатқан жерінен, яғни баспа мәшинесінен алып қарағанға дейін де, яғни көріп-білгенімізге, оқығанымызға сүйене бұл үдерістің басылуға дейін орын алатынын айтқым келеді. Сонымен, мәтінді түзету үдерісі дегеніміз - басылуға дейін, және басылу кезінде баспа-танбаларды түпнұсқамен салыстырып, кезіккен қателерді түзету.

Келесі тіркес «корректорлық баспа» деп беріліп, оған «Корректорлық баспа - таңба (оттиск) – терілген терімнің көшірмесі. Мұндай көшірме корректордың оқуына беріледі, жіберілген қателерге түзетулер енгізіледі» деген анықтама берілген. Мұнда қателерге түзетулер енгізіледі дегеннің орнына мәтіндегі қателер түзетіледі дегенді дұрыс көреміз. Себебі, қателерге түзетулер енгізілмейді, олар алынып тасталады, яғни түзетіледі.

Ал, «түпнұсқаны оқу» деген тіркеске «ол – барлық грамматикалық, стилистикалық және мағыналық қателерді түзету» деп анықтама беріліпті. Бірақ «түпнұсқаны оқу – мәтінмен етене, мұқият таныса отырып, оның стильдік, мағыналық, грамматикалық қателерін қарастыру» деген тіркеске жақын, әрі мағынасын ашатын секілді. Мұнда аудармашы мәтінге жан-жақты түзетулер енгізу үшін, алдымен оның мазмұнымен, автордың стилімен жақын танысу керек екендігін ұмытқандай.

«Алғашқы корректурa – газет, кітап беттері баспаханада теріліп, әлі беттелмеген түрін (граночный метод) оқу, терілген, басылатын беттерді беттеме жасауды (безграночный метод) оқу. Алғашқы корректурa оқу процесінде түпнұсқа дәлме-дәл теру, терімнің барлық техникалық ережелерін сақтауға және басылымның біркелкі әрленуіне бақылау жасалынады. Егер терілген, басылатын беттердің беттемесі жасалған болса, онда техникалық редактордың жасаған ескертпелері: қаріптер, терімнің пішімі және бейнелеудің барлық ережелерін сақтау жөніндегі нұсқаулар бақыланады» деген анықтамаға менің өзге көзқарасым бар. Алдымен, анықтаманың қысқа әрі нұсқа болу керектігі мұнда ұмытылған. Ойдың жинақтығы мен тілдің ықшамдығы мүлдем жоқ. Аудармашы бір сөзді бір сөйлемде бірнеше рет қайталайды. Жай ғана мысалы-бірінші сөйлемде «оқу» сөзін екі рет қайталамай, бірыңғай мүше етіп беруге болатын еді. Қорыта келе, «Алғашқы түзету деп – баспаханада теріліп, әлі беттеле қоймаған өнімдерді түпнұсқамен салыстыра отырып жан-жақты оқуды айтамыз» дегенді ұсынғым келеді.

«Қайта тексеру – алғашқы корректурaға көп түзетулер енгізілген жағдайда, корректурa қайта оқылады» деген де анықтама бар. Бұл ретте аудармашы аудару жолында мағынаны жоғалтқан. Мұндағы «корректурa» сөзі қандай мағынада қолданылып тұрғаны белгісіз. Сонымен қатар, қайта тексеру тек алғашқы тексеру кезінде көп қате табылған жағдайда ғана емес, пысықтау, нақтылау үшін де оқылады. Осы тұста «қайта тексеру дегеніміз – алғашқы түзетуден кейін мәтінді пысықтау әрі нақтылау үшін үстінен қайта оқу» деп берер едім.

Ал, «Рұқсат корректурасы – терілген мәтіндерді бет-бет етіп реттеп, баспаханаға дайындалған корректурaға баспа тарапынан «басуға» деп қол қойылуы» деп берілген анықтама да, тіркес те дұрыс алынбаған. «Корректурa» сөзін аудармай, сол қалпында қалдырғанның өзінде оның мағынасы «рұқсат»

сөзімен бірлесе тіркес болуға келмейді. Мұнда оны «соңғы түзеу» деп алып, анықтама беріп көрелік. Соңғы түзеу деп – баспахана тарапынан «дұрыс» деп бекітілген мәтінді баспа жақтан соңғы рет қарап шығып, растауды айтамыз.

«Өтпелі тексеріп оқу – өнім баспаханда басылып жатқанда, баспа табақ қағазды машинадан алып оқу және түзету» дегенде атау дұрыс алынбаған секілді. Сонымен қатар, сөздердің реті де дұрыс емес. Ұсынар нұсқам : Жолай тексере оқу деп –баспа табақ түріндегі өнімді басып жатқан мәшинеден алып, жол-жөнекей тексере оқу.

Сондай-ақ, осы тарауда түзету белгілерін аудармашы «қолданылуына байланысты» деп төмендегідей топтарға бөледі:

1. алмастыру, алып тастау және қосу белгілері;

2. басылатын элементтердің орындарын ауыстыру белгілері;

3. бөлектеу материалдарын өзгерту белгілері;

4. абзацтың шегініс, жаңа жолдан жазу, қаріптік ерекшелу және өзгерту белгілері;

5. техникалық ақауларды түзету белгілері;
6. жасалынған нұсқауларды өзгерту белгілері.

Осы ретте барлық бөлімдерді топтастырып, оны «Грамматикалық, стилистикалық, мағыналық, техникалық қателерді түзеу белгілері» деп алуды жөн көремін. Өйткені, жоғарыда келтірілген алты бөлім бір-бірімен мағыналас.

Осыған қосымша қателердің түрін былайша да топтап көруге болар еді:

- Грамматикалық қателерді түзеу белгілері;
- Стыльдік қателерді түзеу белгілері;
- Мағыналық қателерді түзеу белгілері;
- Пунктуациялық қателерді түзеу белгілері;
- Техникалық қателерді түзеу белгілері;

Бұл тек бір тарауды оқу барысында туындаған ойлар. Осындайда оқу құралына пікір жазған В.А.Жандәулетов, Т.П.Маймақов сынды академиктер көз сүрінерлік қателерді қалайша аңғармады деген сауал қоршауында қаласың. Ал, редактор Р.Асанбай мен түзеткер С.Дүйсебайдың тарапынан еңбекке көрсетілер жанашырлықты қайдан іздесек екен?

